





1920-1988

**Жұбан
Молдағалиев**

**ӨЛЕҢДЕР
МЕН ПОЭМА**

437213

“Елорда” баспасы
Астана. 2000

ББК 84 Қаз 7-5
М 66

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛЫП ОТЫР

Ж. Молдағалиев

М 66 Қызыл қайың. Таңдамалы. - Астана: Елорда,
2000-375 бет.

ISBN 9965-06-014-2

Қазақтың көрнекті ақыны, өз елінің ерен тұлғасына айналған Жұбан Молдағалиевтің 80 жылдығына орай шығарылып отырған бұл кітабына - 1990 ж. “Жазушы” баспасынан жарық көрген “Қыран дала” жинағынан және газет-журналдарда жарияланған шығармаларынан іріктелген өлеңдері мен “Мен-қазақтың!” поэмасы сол күйінде енгізіліп отыр.

“Алтын қор” сериясының кезекті ұсынылымы оқырман қауымның және келешек ұрпақтардың игілігіне айнала берері хақ.

М $\frac{4702250202-35}{450 (05) - 2000}$ 2000 ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-06-014-2



ҚЫЗЫЛ ҚАЙЫҢ

Баллада

*“Қы-зыл қай-ың, қы-зыл қа-йың,
Қа-зы-ғын-дай ай-да-ла-ның,
Қы-зы-ғың-нан ай-на-ла-йың,
Ха-лө-лө, лө-лө-лай...”*

1

Мен солай ыңылдаймын, ызыңдаймын,
Қалайша отты күйге қызынбаймын?
Құдаға құлақ берген мың рахмет,
Саған да, “Қызыл қайың”, “Қызыл Қайың!”

Басталып басы жалпақ дала-қырдан,
Бұландап, бал бұлақтай дара ағылған,
Тағы да толқытады сиқыр өуен -
Тағы да Құрманғазы, дана Құрман!

Күй, иә, баста баяу жорғалады.
Сипаған самал желдей сол даланы.
Содан соң бойлап-бойлап тамырымды
От болып қан жолымен сорғалады.

Баурады, сірә, қандай сыр даланы?
Мынау саз ұқсамайды сырға налы,
Түбінде сол қайыңның жолыққандай
Өжет қыз, сыңғыр қағып сырғалары.

Бір сәтке күйші көңілі бүтінделді,
Тастады серпіп, тұман-түтіндерді,
Бір сәтке билеп алды, дейік болжап,
Тулаған қос жүректің лүпілдері.

Ұмытты, дейік, дүние қуаңын шын,
Білінген таң алдында қылаң үшін
Қүрекең күйге әйтеуір түсіргендей
Өзінің, әлде өзгенің қуанышын.

Ойланам ойдың бетін он бұрамын,
Құсымдай ұшырам да қондырамын.
Күйін не Құрманғазы арнады ма,
Қасиетті қайыңына домбыраның?

Бір аты осы күйдің “Балдыз”, дейді,
Осыдан ойнақы, әсем қалды із, дейді.
Әйтеуір бұ да тәтті сұлулықтай,
Әйтеуір көкейіңнен балды үзбейді.

Мен солай жорамалдап, ызыңдаймын.
Қалайша отты күйге қызынбайын?
Есіме түсті елестеп ертегідей
Тағы бір “Қызыл қайың”, “Қызыл Қайың”.

Жұлдыздай бұлтсыз түнгі түйдек те емес.
 Жұлдыздай бұлтты түнгі сирек те емес.
 Көруге қоңырайған қазақы ауыл,
 Сырт адам осында ән мен күй деп келмес.

Ұятты бау-бақша мен жидектен де,
 Айдын көл, аққу, қаз бен үйректен де.
 Қараған құдыққа тек мал мен адам,
 Таңдайын шөлге басып үйреткен де.

Жан-жағы қаңбақ қонбас жазық еді,
 Жанға - мал, малға - жусан азық еді.
 Оқшауда өскен жалғыз “Қызыл қайың”
 Бейне бір осы ауылдың қазығы еді.

Менменсіп өлденеге ол тұрғандай,
 Қоршап ап оны терең ор тұр қандай!
 Шым үйлер, балшық үйлер - бар тіршілік
 Байланып осы ағашқа отырғандай.

Замандар байқаса да жаншып қандай,
 Ол өсті құрып кетпей, қаңсып қалмай.
 Болса да күнге күйген сырты солғын,
 Ішінің қызылынан қан шыққандай.

Бұтақтар белуарынан биік біткен,
 Сүп-сұңғақ қыз бойындай сүйіп күткен.
 Бүлк етпес балталасаң бұйра безі,
 Құрыштай буынына құйып кеткен.

Адам ба Алла ма - оны жаратқан кім?
Қиырдан қарауылдай қаратқан кім?
Қай кезде қалай келді дүниеге ол?
Болған жоқ оған жауап таратқан күн.

Орынан жоқ еді оның асар тұяқ,
Тимеген молдаға да асатаяқ.
Бермеді балаға да сынық шыбық.
Басына бұлт төнген тек баса таяп.

Жоқ-ау, жоқ, болған емес қарауылы.
Заң тәтті сол тәртіпті бар ауылы.
Тек қана домбыраға кескен оны,
Өнердің шықса жүйрік жарау ұлы.

Әуелі олар сыншы аталардан
“Шын күйші”, “әнші” деген атақ алған.
Солай тек топқа түсіп танылған соң,
Алдында қызыл қайың - жатады арман.

Білмеймін, бұл дәстүрдің қайда көзі
(Кейіндеу келді сайма-сай да кезі).
Әйтеуір сол қайыңның домбырасы
Кеткендей, қағып қалсаң, сайрап өзі.

Көріпті ауыл оның мол қайырын,
Танытып кең өңірге шалғай елін,
Шалқыды әнші, күйші айтыстары
Түбінде сол қайыңның, сал қайыңның.

Мұң шағып түн жамылып ғашықтар да,
Тұрыпты бауырларын басып талға.
Сол жерден майданға да аттанды ұлдар,
Сол жерден заулап уақыт асықты алға.

Есімде қырық төртінші жылдың жазы,
О да бір жеңіс жазы, жырдың жазы.
Кездестік Белостокта төрт-бес қазақ -
Жүргендер жүрегінде Құрманғазы.

О дағы бір азаттықтың берен ері,
Сағыныш күйлеріне ерен еді.
Қой сойып, қос шек тағып, домбыра еттік
Балтамен шауып-шауып бөренені.

Соғыстың өшпесе де сорақы үні,
Сеземіз, алыс емес, сірә, ақыры.
Қылышын қарауыл ғып, күйге басты
Қазақтың Хамит атты бір ақыны.

Билеген қуаныш па қызу қанын,
Сезді ме сұлу поляк қызы ыңғайын,
Әйтеуір бармағына ілікті оның
Ойнақы бір киіктей, Қызыл қайың.

Қоймады жанымызды елжіретпей,
Ескендей туған елден жел жібектей.
Түсірді еске жалғыз қайыңды да
Домбыра - саптай салған белкүректей.

Жұлдыздай бұлтсыз түнгі түйдек ауыл,
 Бақ ауыл, бұлбұл ауыл, жидек ауыл,
 Ақ үйлер, әппақ үйлер - ақ көңілдей,
 О бастан әнге дауыл, күйге дауыл.

Үй түгіл, жан басына - домбырадан.
 Күй туып сәбимен бір, жаңғырады ән.
 Баяғы қайың тұрған қара орында
 Парк бар, бұл - соғыстан соң құралған.

Тамылжып қарсы алады таңды осылар
 Бір ғана қарт қайыңның паң басы дал.
 Қалыпты кісі бойы жуан түбі -
 Оюлы домбыраның таңбасы бар.

Осылай жалғыз қайың бақ болыпты,
 Түбірі күйге белгі - тақ болыпты.
 Әттеңі - өлденендей адуын күш
 Жасындай көктен түскен қақ бөліпті.

Деменіз оның бұл тек көнергені.
 Ауылда көбейген ғой өнер кені.
 Аз болса әнші, күйші жас перілер,
 Жұрдай боп бұтағынан, шөгер ме еді?

Тағы да бір себебі - елден дейді
 (Ерлік те - өнердей ол, - жерленбейді).
 Майданнан аман-есен келгендерге
 Қайыңнан бір-бір кесім берген дейді.

Риза дала да оған, дана да оған,
Ән мен күй әр бұтақта паналаған.
Жетіліп жас қайындар келеді өсіп,
Қарт ана қайта түлеп балалаған.

Жақсы салт жоғалмайды, жалғасады,
Жасайды, жаңғырады, алға асады.
Аты да осы ауылдың - Қызыл қайың,
Түскендей жүрекке нұр, жанға сәні.

Сауыққа, ән-күйлерге парк толып,
Жырлайды,
сайрандайды халық болып.
Кетеді жаңғырығы кең жазыққа,
Тыңдайды байтақ дала қарық болып.

Алдияр аруақтай ата Құрман,
Болса ше тірілерге бата қылған,
Айтады: “Арма, асыл армандарым,
Айналдым, Қызыл қайың, атағыннан!”

Соны ойлап ыңылдаймын, ызындаймын.
Қалайша отты күйге қызынбайын?
Мың рахмет көз, құлаққа сендер үшін,
Күй қайың, ауыл қайың - “Қызыл қайың!”

Қы-зыл қа-йың, қы-зыл қа-йың,
Қа-зы-ғын-дай ай-да-ла-ның,
Қы-зы-ғың-нан ай-на-ла-йын,
Ха-лә-лә, лә-лә-лай...

БАР БОЛҒЫР ҚЫЗ-АЙ, ҚҰРҒЫР-АЙ

От тастап, әрі ой тастап,
Сайрайсың мұңсыз бұлбұлдай.
Өтесің күнде ойқастап,
Біресе олай, бір бұлай,
Бар болғыр қыз-ай, құрғыр-ай!

Ертеде көрген түстейсің,
Ол дәурен енді бұлдырақ,
Аспаннан жерге түспейсің,
Аққу боп самғап құлдырап,
Бар болғыр қыз-ай, құрғыр-ай.

Жастық шақ сұлу сендеймен,
Күлкің күн бейне, нұрың ай.
Мен астым ондай деңгейден,
Сен гүлдей жайнап түр ұдай,
Бар болғыр қыз-ай, құрғыр-ай!

Арман да тәтті сендеймен,
Армандай өсем бол ұдай.
Орман да шатты сендеймен,
Сайрай бер мұңсыз бұлбұлдай
Бар болғыр қыз-ай, құрғыр-ай!

ДАСТАРҚАН ЖЫРЫ

Қане, достар, сәл тыныштық, сәл тағат!
Қандай ғажап бұл қуаныш, салтанат!
Дастарқанда - даламыздай береке,
Жүректерде - сансыз тілек, сан талап.

Қане, достар, қане достар,
Жақсылыққа жол болсын!
Мұраттар да зор болсын!
Бұлақтар да мол болсын!
Қайсыбірін, қайсыбірін айтарсың -
Не тілесең - сол болсын!

Жомарттардан аулақ жүрсін сұм тарлық.
Бізге лайық - қанаттылық, сұңқарлық.
Көріміз жас, жастарымыз бас болсын,
Дәуірлесін дарқан достық, іңкәрлік.

Бастық өнге, әнсіз жүрдік қашан біз!
Жаңғырықсын жалпақ дала, қасаң күз!
Шарап емес, қымыз да емес, сәл қызсақ,
Біз бақыттан, біз шаттықтан масаңбыз!

1976

ҚЫЗ СЫРЫ

Түсімде самғайсың қыран боп,
Өңімде өтесің қылаң боп.
Дүниенің қызығы бір сендей,
Жүректе жүресің жыр-ән боп.

Қыз сыры - ішінде,
Естілмес өзінен.
Қыз сыры - ішінде,
Көре біл көзінен
Сазынан,
Назынан.

Бақыт қой - сағынар болғаны.
Бақыт қой - шағынар болғаны.
Сағынам, шағынам сыртыңнан.
Саған тек беймағлұм ол-дағы.

Жүргенге не жетер ар сақтап.
Әдепті бола гөр әр шақта-ақ.
Сен бұрын ұсын тек қолыңды,
Сен бұрын ұмтыл тек қарсы аттап.

1976

ҒАШЫҚ БОП ӨТЕМІЗ

Біз, еркектер,
Анадан жаралдық.
Біз, еркектер,
Анадан нәр алдық.

Жар сүйдік әйелден,
Әке боп балаға.
Жар сүйдік әйелден
Ері үшін садаға.

Біз, еркектер,
Ұрыста ұлымыз.
Біз, еркектер,
Сұлулық құлымыз.

Әмірге шабылмай,
Әйелге шабылдық.
Тәңірге табынбай,
Әйелге табындық.

Біз, еркектер,
Ол барда әлдіміз.
Біз, еркектер,
Ол барда арлымыз.

Ол - Күн, Гүл, Ай ерге,
Өмірмен оты егіз.
Өлгенше әйелге
Ғашық боп өтеміз.

АНА ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Жырда дейді
Оған теңеу жетпеген.
Қызда дейді
Одан сұлу отпеген.
Жас жүректер
Суыртпақтай жанышты
Ойнағандай дауыл күні отпенен.

Дертке дейді
Талайы оның шалықты.
Күндіз күлкі,
Түнде ұйқысыз талыпты.
Үнін естіп,
Жүзін көрген жігітте
Жүрек тоқтап,
Тіл байланып қалыпты.

Сирек дейді
Күда түсе бармаған.
Қараша үйді
Қалыңмал да арбаған.
Қу кедейге кеткен еріп қыз, бірақ,
“Байлық емес,
Жігіт, - деген, - жар маған”.

Жасапты оны ауыл аңыз, аспан ән.
Жарда дейді
Одан ару аспаған.
Жиырма бесте ара салмай
Бес ұлға
Ана болған,
Аз демеген ас-тағам.

Ардақтаған
Ел-жұрты оны алау деп,
Әйелде де
Небір асыл бар-ау деп.
Бұл атаған ең төтті атпен ұлдарын,
Ал қосағын
“Көкесі!” деп.
“Жар-ау” деп.

Бақыт - құс қой,
Бір қонып,
Бір ұшады.
Бақыт - қыс қой
Бір қысып,
Бір құшады.
Соғыс келді.
Қалды мәңгі жаюлы
“Қош” деп ашқан
Жан жар, ана құшағы.

Бәрі кетті.
Үйде еркек қалған жоқ.
Қажырлы әйел
Көзіне жас алған жоқ.
Түнде зары
Жастықта тек түншықты,
Мұны тосын ешбір құлақ шалған жоқ.

Қай қатандық?
Сенгендік пе көктемге?!
Қайраттылық күдіреті ме,
Кектен бе?
Солдат жары, солдаттардың анасы
Мұң шақты тек

Айыр, қауға, кетпенге.
Жұбан Молдағалиев атындағы

Шашқа түсті күміс арқау,
Тақпа сын -
“Қара қағаз”
Қақты алты рет қақпасын.
Сонда да ана
“Өлдіге” бір сенген жоқ,
“Тірі, - деді, -
Мейлі топан қаптасын!”

Ару, ана
Сол сенбеумен келеді.
Сондайлармен Отан - Отан, ер елі.
Әр баласын
Атын атап шақырып,
Және баяу
“Беу, көкесі-ай” дер еді.

Жалғыз емес,
“Әже” дейтін бала көп.
Не көп бүгін? -
Қызық шілдеhana көп.
Көп бөбектің
Осы кіндік шешесі -
Отыр ана
Күллі ауылға ана боп.

“Ана дейді бір тайпы ел - атырап,
Үйіне оның
Үзіліссіз қатынап.
Өзі қойсын, өзге қойсын -
Жарты ауыл
Кемпірдің жүр ұлдарының
Атын ап.

Әр уақытта
Секілді боп тірі ары,
Тағы бір ат
Тілі ұшында тұрады.
Айттырмай да біледі жұрт ана ойын:
“Көкенің” де алады атан ұланы.

Әже риза, айыққандай атан дерт,
“Бір сендерлік бар тілегім, батам” деп
Алланы емес, адам атын атайды
Жағарда да
“Жаным”,
“Қозым”,
“Ботам” деп.

1975

КӨКЖИЕККЕ ЖЕТЕМІН

Көкжиек - сиқыр
Балаға,
Көрінім жерде тұрды елден.
Дастарқан-сынды далада
Тек соған көзім
Тірелген.

Көк төлқын кемер,
Шеңбердей,
Тұрды ол
Түзді көмкеріп,
Шаңырақтай шаншып
Ен жерге
Күмбездеп көкті төңкеріп.

Тұрды ол тіпті
Белдеулеп
Іргесін көрші ауылдың.
Кеудемді құмар-жел кеулеп
Жетсем деп соған
“Ауырдым”.

Рұқсатсыз
Тұңғыш жол шығып,
Ат қылып бір тал шыбықты,
Барсам бір
“Үйін” ол жығып,
Ауылдан әрі шығыпты.

Қарғап та кейбір кеш күні,
Қой бағып қайтам- көп еңбек.
Жарғақ та келгір ешкіні
Көкжиекке қойса көгендеп!

Уақытқа кейін
Жегіліп,
Жүрсем де қанша жолменен,
Көрінім жер
Қайта шегініп,
Қашқақтай берді ол менен.

Көштер де солай ағылды,
Қойлар да солай жайылды.
Жүйріктер жетпей сабылды.
Тоздырды терлік-айылды.

Батқанда балқып
Күн соған,
Жалқын боп батты, -
Жанғандай.
Шыққанда шалқып,
Күн содан,
Жарқын боп атты
Таң қандай!

Мол жарты ғасыр өмірде
Жер шарын олар жол жүрдім.
Жиекке,
Сонау өңірге
Жете алмай, бірақ, болдырдым.

“Болдырдым” деуім - ағаттық,
Арманмен, іспен алымды ер.
Жол қалды
Жылдық,
Сағаттық, -
Әудем жер
Біре адым дер.

Қанатты мына заманда
Қалайша адам
Болдырсын!
Көкжиек болып әмәнда,
Шақырып алда
Жол тұрсын.

Ең кемі
Саусақ ұшымен
Көремін ұстап
Оны мен.
Жетемін арман құсымен,
Жырымның бірер жолымен.

БӘРЕКЕЛДІ!

Қай уақытта ер менен ел шектелген?
Ел - махаббат, ел - қанат, ел - шепте өлең,
Бақытымды, мұңымды, бой-тұлғамды
Тағдырымен тек соның өлшеп келем.

Әскер емес әскер де тусыз қалған,
Көл де жетім үйрек, қаз, құсыз қалған.
Туған жердің айрылсам ауасынан,
Тұншығар ем балықтай сусыз қалған.

Отты болсын далаша шын жас адам,
Шырқаулықты үйренсін шың да содан.
Бір жасасам оның әр құт күні үшін,
Лұқпаннан үлкенмін мың жасаған.

Шың да атанды ол, ия, тың да атанды,
Жер-дүниеге дауысын тыңдатады.
Қысы шындап, көктемі көгерткен жыр
Тағы, тағы тебіреніп тіл қатады:

Ой-хой Дала, о Дала, күзің қандай!
Қызыл қырман көтерген құзың қандай!
Жел аймалап, күн сүйген жүзің қандай!
Күлім қаққан ұлың мен қызың қандай!

Бүлкілдейді бұлақтар құт бабында,
Табиғатқа тіршілік - ұрттамы да.
Таңғы шықтың түр мөлдір ақ моншағы,
Масақтардың мөлтілдеп мұрттарында.

Күз көркіне көрген көз таңқалады.
Дарқан дүбір қайда да қамба маңы.
Ойсылқара, Зеңгі қарт, Шопан ата
Хан көтеріп жатқандай Нан бабаны.

Шексіз-шетсіз сабан түз шұғылалы.
Қаңбақ қана таппаған ығын әлі.
Жаңбыр оның жауратқан қанаттарын,
Борздаға жел де кеп тығылады.

Түз бен күздің толғағы туыс анық:
Бір-біріне салады ұлы салық,
Мәртебелі Жер-ана маужырайды,
Алып тапқан арудай тыныс алып.

Алып тапты астық боп ақтарыла,
Ақтарылды ақ күріш, ақ тары да.
Біз едік қой, о Дала, жалпақ түзде
Қамба түгіл толмаған қаптары да.

Жүйрікке де жүк түсер шабан үшін,
Жақсыға да діл тиер жаман үшін.
Кешіре гөр, жан Дала, жомарт Дала,
“Қу дала” деп қарғаған заман үшін.